

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
Директорлар кеңесінің хаттамасымен
«БЕКІТІЛГЕН»
2026 жылғы 01 маусымдағы
No 19/26 хаттама

СУ КӨЛІГІН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру нысаны
3. Сақтандыру жағдайлары
4. Сақтандыру жағдайларынан тыс жайттар және сақтандыру шектеулері. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақысын белгілеу тәртібі
7. Шарт жасасу тәртібі
8. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны. Мерзімін ұзарту
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Шарт қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің арту салдары
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
12. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары
14. Қосарлы сақтандыру
15. Суброгация
16. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар
17. Шартты тоқтату талаптары
18. Тараптардың жауапкершілігі
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Қосымша талаптар

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы «Basel» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамының Су көлігін ерікті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі “Қағидалар”) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Қағидалардың талаптарымен "Basel" сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы (бұдан әрі "Сақтандырушы") заңды (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі "Сақтанушы") су көлігін сақтандыру шартын (бұдан әрі "Сақтандыру шарты") жасасу арқылы зақымданған немесе жоғалған (опат болған) жағдайда су көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:
 1. Су көлігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында немесе тіркелетін мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттің аумағында тіркелген және су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі;
 2. Су жолдары – кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;
 3. Кеме қатынасы – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багажын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, балық аулауды және өзге де кәсіпшіліктерді, құрылыс, жол, гидротехникалық, суасты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық алып өтуді, құтқару операцияларын жүргізу, су нысандарын қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;
 4. Жалпы теңіз кәсіпорны – есебінен жалпы апат бойынша шығындар өтелуі тиіс мүлік (су көлігі, фрахт және жүк).
 5. Жалпы теңіз кәсіпорнында жалпы қауіпсіздік және мүлікті жалпы қауіптен сақтау мақсатында жасалған теңіз арқылы тасымалдау қағидаларына сәйкес теңіздегі ортақ іс аяқталған күні және сол жерде су көлігінің, жүктің және фрахт құнына мөлшерлес етіп су көлігі, жүк және фрахт арасында бөлінетін залалдар және (немесе) шығындар жалпы апат деп танылады. Жоғарыда аталған әрекеттердің тікелей салдары болып табылатын залалдар ғана жалпы апат деп танылады. Бір немесе бірнеше су көлігі басқа бір су көлігін немесе басқа су көліктерін сүйретіп не итеріп жүзген, олардың бәрі құтқару операциясына емес, коммерциялық қызметке қатысқан жағдайда да жалпы теңіз кәсіпорны орын алады.
 6. Толық нақты опат болу – сақтандырылған су көлігін қалпына келтіру техникалық тұрғыдан мүмкін болмаған кезде оның жоғалуы, опат болуы немесе қирауы.
 7. Толық конструктивтік опат болу – Сақтандыру шартында белгіленген нақты құнынан асып кетуіне байланысты оны сақтандыру жағдайының алдындағы жағдайға дейін қалпына келтіру бойынша шығындар экономикалық тұрғыдан орынсыз болған кезде, су көлігінің ішінара зақымдануы немесе толық опат болуы.
 8. Жеке апат:
 - а) осы Қағидалардың 1.3-тармағының 7-тармақшасында белгіленген жалпы апат белгілеріне жатпайтын залалдар, сондай-ақ осы ұғымның (ішінара апат) б) тармағында көрсетілген залалдар жеке апат деп танылады. Мұндай залалдар су көлігі, жүк және фрахт арасында бөлінбейді және оларды зардап шеккен адам немесе оларды тудыруға жауапты адам көтереді;
 - б) осы Қағидалардың 1.3-тармағының 7-тармақшасында көрсетілген белгілер болған күннің өзінде де мыналар жалпы апат деп танылмайды:

- теңізде жүзу қағидалары мен ғұрыптары бұзыла отырып, су көлігінде тасымалданып келе жатқан, борттан лақтырылып тасталған жүктің құны;
 - түтіннің немесе қызудың әсері салдарынан су көлігінде өртті сөндіруге байланысты келтірілген залалдар;
 - су көлігінің теңіздегі қауіп салдарынан бұрын бұзылған немесе іс жүзінде жойылған сынықтарын немесе бөліктерін шауып тастаудан келтірілген залалдар;
 - жүзіп келе жатқан су көлігі қозғалтқыштарының жұмысын тездетуден немесе қозғалтқыштардың, басқа да машиналардың немесе қазандардың өзге де жұмысынан келтірілген залалдар;
 - рейс ұзақтығының артуы салдарынан су көлігіне немесе жүкке келтірілген кез келген залалдар немесе шығындар (бос тұрудан, бағаның өзгеруінен болған және басқа залалдар).
9. Эллинг – су көлігін салу, жөндеу және сақтау үшін жабдықталған теңіз, өзен немесе көл жағасындағы құрылым.
 10. Кеме қатынасының тіркелімі – кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.
 11. Абандон – Сақтанушының Сақтандырушының пайдасына одан толық сақтандыру сомасын алу мақсатында сақтандырылған су көлігіне меншік құқығынан ерікті түрде бас тартуы.
 12. Диспаша – жалпы апат бойынша шығындарды су көлігі, жүк және фрахт арасында бөлу бойынша диспашер жасайтын арнайы есеп. Диспашаны жасау орны мен тәртібі коносаментте көрсетіледі.
 13. Диспашер – жалпы апат бойынша шығындарды су көлігі, жүк және фрахт арасында бөлу бойынша есептерді (диспашаны) жасайтын теңіз құқығы саласындағы маман.
 14. Фрахт – жүкті теңіз арқылы тасымалдау ақысы, осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес сақтандырумен өтелмейді.
 15. Бербоут-чартер – жолаушылар, багаж бен жүк тасымалдауға және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттарына арнап жарақтандырылмаған және экипажбен жасақталмаған су көлігін немесе бірнеше су көлігін жалдаушының иеленуіне және пайдалануына жалға беруші келісілген ақы (фрахт) үшін белгілі бір мерзімге беруге міндеттенетін жалға кеме беру шартының түрі.
 16. Тайм-чартер – жалға беруші келісілген ақыға (фрахт) су көлігін жалдаушыға су көлігін және кеме экипажы мүшелерінің көрсететін қызметтерін жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттары үшін белгілі бір мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін уақытша кемеңі жалдау шарты.
 17. Теңіздегі наразылық – су көлігі жүзіп бара жатқан кезеңде орын алған оқиға туралы су көлігі капитанының жазбаша мәлімдемесі, ол кеме иесіне мүліктік талаптар қоюға негіздеме бола алады.
 18. Апаттық комиссар – сақтандырылған су көлігі бойынша залалдардың себептерін, сипаты мен мөлшерін белгілеумен айналысатын Сақтандырушының уәкілетті жеке немесе заңды тұлғасы.

2. Сақтандыру нысаны

- 2.1. Осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының су көлігін, оның ішінде сақтандырылған кемеңің ажырамас бөлігі болып табылатын корпусы, тетіктерді, машиналар мен жабдықтарды иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру нысаны болып табылады.
- 2.2. Осы Қағидаларға сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша су көлігінің жүзуге (пайдалануға) жарамдылығын растайтын қажетті құжаттары бар түрі мен мақсаты бойынша (әскери мақсатын қоса алғанда) кез келген су көлігі сақтандырылуы мүмкін.

3. Сақтандыру жағдайлары

3.1. Басталуымен Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін су көлігінің жоғалуына (опат болуына) немесе зақымдануына әкеп соққан оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

3.2. Осы Қағидаларда Сақтандыру шарты төмендегі Талаптардың бірі негізінде жасалуы мүмкін екені көзделген:

3.2.1. **"Су көлігінің толық опат болуы мен зақымдануы үшін жауапкершілікпен".**

Осы Талаппен жасалған Сақтандыру шарты бойынша мыналар өтелуі тиіс:

а) су көлігінің толық опат болуы салдарынан туындаған залалдар (нақты немесе конструктивтік) немесе өрт, найзағайдың түсуі, дауыл, теңіз дауылы, апат, қайраңға шығып қалу, басқа су көлігімен немесе қозғалмайтын немесе қалқымалы заттармен (мұзды қоса алғанда) соқтығысу, жүк операциялары, жанармай қабылдау, қазандықтардың жарылуы, біліктердің сынуы, машиналардың жасырын ақауы, немқұрайлылық немесе кеме экипажының немесе лоцманның қатесі нәтижесінде оның корпусының, машиналары мен механизмдерінің, жабдықтары кеме құрылғыларының зақымдарын жою бойынша шығындар.

б) су көлігінің із-түзсіз жоғалуынан болған залалдар;

в) су көлігінің үлесі бойынша жалпы апат бойынша залалдар, шығындар және жарналар;

г) су көлігін құтқару шығындары.

Жалпы теңіз кәсіпорнына қатысатын мүлікті – су көлігін, фрахтты және су көлігі тасымалдайтын жүкті сақтау мақсатында жалпы қауіпсіздік үшін әдейі және ақылға қонымды жүргізілген төтенше шығындар немесе құрбандық салдарынан шеккен шығындар жалпы апаттан болған залалдар деп танылады.

Мынадай белгілері бар оқиға жалпы апат деп танылады:

- жүкті су көлігі бортынан сыртқа лақтырғанда келтірілген залалдар, сондай-ақ жалпы қауіпсіздік үшін жасалған құрбандықтар салдарынан, атап айтқанда, жүкті лақтыру үшін ашылған люктер немесе сол үшін жасалған басқа да тесіктер арқылы трюмге судың кіруі салдарынан су көлігіне немесе жүкке келтірілген залалдар;

- су көлігіндегі өртті сөндіруге байланысты су көлігіне келтірілген залалдар, соның ішінде су көлігін сол мақсатпен жағаға шығарып тастау немесе жанып жатқан кемені суға батыру ісін жүргізуден болған залалдар;

- жалпы теңіз кәсіпорнындағы мүлікті сақтау мақсатында су көлігінің өзі қайраңға шыға алатынына-алмайтынына қарамастан, су көлігін қайраңға әдейі отырғызу арқылы су көлігіне келтірілген залалдар;

- су көлігін қайраңнан шығару кезінде су көлігінің қозғалтқышының басқа да машиналары мен қазандарының зақымдануынан су көлігіне келтірілген залалдар;

- жүкті, отынды немесе жабдықтау заттарын су көлігінен лихтерлерге қайта тиеу арқылы қайраңда қалған су көлігін жеңілдетуге, лихтерлерді жалдауға және оларды су көлігіне қайта тиеуге жұмсалған төтенше шығындар, сондай-ақ осының салдарынан келтірілген басқа да залалдар.

Сонымен қатар жалпы апаттан болған залалдарға келесі шығындар жатады немесе теңестіріледі:

- су көлігінің портқа немесе баспананың өзге де орнына мәжбүрлі кіруінен немесе жазатайым оқиға немесе жалпы қауіпсіздік үшін мұндай кіруді немесе қайтаруды қажет еткен басқа да төтенше жағдайдың салдарынан су көлігінің портқа оралуынан туындаған шығындар;

- су көлігінің баспана орнынан немесе су көлігі қайтуға мәжбүр болған тиеу орнынан шығуына байланысты шығындар;

- тиеу, кіру немесе баспана орнында жалпы қауіпсіздік үшін жүргізілген су көлігін уақытша жөндеу құны, сондай-ақ жалпы апатқа қабылданатын зақымдарды уақытша жөндеу құны. Алайда рейсті аяқтау үшін қажет кездейсоқ зақымдарды уақытша жөндеу құны, егер бұл түзету жасалмаса, жалпы апатқа жатқызылатын шығындардың алдын алу шегінде ғана өтеледі.

3.2.2. **"Су көлігінің зақымдануы үшін жауапкершілікпен".**

Осы Талаппен жасалған Сақтандыру шарты бойынша мыналар өтелуі тиіс:

а) қайраңға тұрып қалу, су көлігінің бортындағы өрт немесе жарылыс, басқа су көлігімен немесе қозғалмайтын/жылжымалы нысандармен (мұзды қоса алғанда) соқтығысу салдарынан болған су көлігінің зақымдануынан болған залалдар;

б) жалпы апат бойынша залалдар, шығындар;

в) су көлігін құтқару шығындары.

Жалпы апатты құрайтын су көлігінің, оның машиналарының немесе керек-жарақтарының зақымдануынан болған залалдар бүлінген немесе жоғалған нәрсені жөндеу, түзету немесе ауыстыру құнына қарай айқындалады.

Егер су көлігіне жөндеу жүргізілмесе, су көлігінің зақымдануынан болған залалдар зақымдану нәтижесінде су көлігінің нақты құны азайған және сметаға сәйкес су көлігін жөндеу құнынан аспайтын сома ретінде айқындалады.

3.2.3. "Су көлігінің тек толық опат болуы үшін жауапкершілікпен".

Осы Талаппен жасалған Сақтандыру шарты бойынша мыналар өтелуі тиіс:

- а) осы Қағидалардың ерекше жайттарында келтірілген жағдайларды қоспағанда, кез келген себеппен орын алған су көлігінің (нақты немесе конструктивтік) толық опат болуынан болған залалдар;
- б) су көлігінің із-түзсіз жоғалуынан болған залалдар;
- б) жалпы апат бойынша залалдар, шығындар;
- г) су көлігін құтқару шығындары.

4. Сақтандыру жағдайларынан тыс жайттар және сақтандыру шектеулері. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері.

- 4.1. Осы Сақтандыру қағидаларының негізінде жасалған Сақтандыру шарты бойынша төмендегілердің салдарынан туындаған залалдар мен шығындар өтелмейді:
 - 4.1.1. Сақтанушының, Пайда алушының не оның өкілінің ниеті немесе өрескел абайсыздығы, оның ішінде құзыретті органдар белгілеген су көлігін пайдалану қағидаларын бұзу нәтижесінде;
 - 4.1.2. егер су көлігінің теңізде жүзбейтін жай-күйі су көлігінің жасырын кемшіліктерінен туындамаса, су көлігін теңізде жүзбейтін күйде жөнелту;
 - 4.1.3. су көлігінің, оның бөліктері мен керек-жарақтарының (көнеліктен, тозудан, кеме корпусының, оның бөліктерінің, машиналардың, жабдықтардың немесе керек-жарақтардың тоттануынан бұзылған) көнеруі немесе тозуы);
 - 4.1.4. жарылысқа немесе өздігінен жануға қатысты қауіпті заттектер мен заттарды Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз тиеу;
 - 4.1.5. әскери немесе қарақшылық іс-қимылдар, халық толқулары, ереуілдер, сондай-ақ тиісті биліктің талабы бойынша су көлігін немесе жүкті тәркілеу, реквизициялау, қамауға алу не жою;
 - 4.1.6. су көлігін оның санатында көзделмеген жағдайлар мен мақсаттарда пайдалану;
 - 4.1.7. атом энергиясын кез келген түрде қолдануға және бөлшектейтін материалдарды пайдалануға байланысты радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың тікелей немесе жанама әсері;
 - 4.1.8. Сақтанушының басқа су көлігінің иесіне су көліктерінің соқтығысуы салдарынан болған залалдарды төлеу міндеттері;
 - 4.1.9. Сақтандырылған су көлігінің қандай да бір жүзетін, қозғалмайтын немесе өзге де нысанды зақымдауы салдарынан Сақтанушының үшінші тұлғаларға залалдарды төлеу міндеттері;
 - 4.1.10. кемеңі жерүсті көлігімен тасымалдау, кемеңі жүк ретінде су көлігімен тасымалдау барысында болған оқыс оқиғалар салдарынан кемеңі опат болуы немесе зақымдануы;
 - 4.1.11. Сақтанушының өтінішінде және Сақтандыру шартында көрсетілмеген мақсаттарда су көлігін пайдалану;
 - 4.1.12. террористердің немесе саяси себептермен әрекет ететін кез келген басқа тұлғалардың іс-әрекеттері (саяси әрекеттерге, қылықтарға итермелейтін себеп, негіз, су көлігін күштеп айдап әкету және басып алу);
- 4.2. Сақтандырушы жалпы апат бойынша мынадай залалдарды мойындамайды және өтемейді:
 - теңізде жүзу қағидалары мен ғұрыптары бұзыла отырып, су көлігінде тасымалданып келе жатқан, борттан лақтырылып тасталған жүктің құны;
 - түтіннің немесе қызудың әсері салдарынан су көлігінде өртті сөндіруге байланысты келтірілген залалдар;
 - су көлігінің теңіздегі қауіп салдарынан бұрын бұзылған немесе іс жүзінде жойылған сынықтарын немесе бөліктерін шауып тастаудан келтірілген залалдар;
 - жүзіп келе жатқан су көлігі қозғалтқыштарының жұмысын, басқа да машиналарының немесе қазандарының өзге де жұмысын тездетуден келтірілген залалдар;
 - рейс ұзақтығының артуы салдарынан су көлігіне немесе жүкке келтірілген кез келген залалдар мен шығындар (бос тұрудан, бағаның өзгеруінен болған және басқа залалдар).

- 4.3. Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған су көлігін алып қою, тәркілеу, реквизициялау, қамауға алу немесе жою салдарынан туындаған залалдар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
- 4.4. Егер Сақтандыру шартында/осы Қағидалардың Қосымшаларында өзгесі ескертілмесе, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
 - 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау/уақытылы хабарламау;
 - 6) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
- 4.5. Сақтандыру моральдық зиянды, ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратудан келтірілген зиянды, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының шығындарын (соның ішінде айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, су көлігін жөндеген кезде басқа су көлігін жалға алу, тұрғын үйді жалға алу немесе қонақүйде тұру шығындары, іссапар шығындары, су көлігін тұраққа қою және қорғау шығындары, өндірістің тұрып қалуына байланысты залалдар, су көлігінің тауарлық құнын/тауарлық түрін жоғалту, жоғалған пайда) өтемейді.
- 4.6. Сақтандырушы осы Қағидаларда көзделген және орын алған оқиға бойынша шешім қабылдауға жеткілікті барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлеуден дәлелді бас тартуын Сақтанушыға және Пайда алушыға жазбаша түрде жолдауға міндетті.
- 4.7. Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына қатысты Қазақстан Республикасының сотына шағымдануы мүмкін.
- 4.8. Сақтандыру шартында / осы Қағидалардың Қосымшаларында Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздерінің тізімі өзгертілуі және (немесе) қысқартылуы мүмкін.

5. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі. Франшиза.

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартын жасасқан сәтте анықталған, Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігінің нақты құнының негізінде белгіленеді.
- 5.2. Су көлігін сақтандырған кезде сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасасқан сәттегі оның нақты құнынан аспауы тиіс. Егер Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыны әдейі жаңылыстырғанын дәлелдемесе, Тараптар Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігінің нақты құнына дауласа алмайды.
- 5.3. Егер Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы су көлігінің нақты құнынан асса, Сақтандыру шарты сақтандыру сомасының нақты құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады.
- 5.4. Егер сақтандыру сомасы су көлігінің нақты құнынан төмен деп жарияланса, сақтандыру өтемақысының мөлшері сақтандыру сомасының нақты құнға қатынасына барабар азаяды.
- 5.5. Су көліктері тобын (флот, флотилия) сақтандыру жағдайында Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомалары әрбір су көлігі бойынша жеке белгіленеді.
- 5.6. Сақтандыру шартында франшиза көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен не болмаса абсолют мөлшерде белгіленеді.
- 5.7. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

- 5.8. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әрбір сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайы немесе тәуекел орын алса, франшиза сомасы олардың әрқайсысы бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

6. Сақтандыру сыйлықақысын белгілеу тәртібі

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысы деп Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеуге міндетті сақтандыру төлемі түсініледі.
- 6.2. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жарналарын немесе сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде және тәртіппен толық көлемде төлеуге міндетті.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері су көлігінің сипаттамаларына, оны пайдалану талаптары мен ерекшеліктеріне, таңдалған тәуекелдер тізіміне, сақтандыру мерзіміне, сондай-ақ сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға байланысты және Сақтандырушының тарифтік саясатына сай есептеледі.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптары мен тәуекел дәрежесін бағалау негізінде қолданыстағы тарифтерге сәйкес айқындайды. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеген кезде мөлшері сақтандыру тәуекелі факторларына байланысты айқындалатын базалық тарифтерге көтеретін және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы. Нақты Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тарифін Сақтандырушы айқындайды.
- 6.5. Бір рейске (бір реттік жүргізуге) Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру сыйлықақысы тәуекел факторларын ескере отырып, жылдық сақтандыру сыйлықақысы сомасының кемінде 25 % мөлшерінде төленеді.
- 6.6. Егер Сақтандыру шартында өзгесі ескертілмесе, сақтандыру төлемі тараптардың уәкілетті өкілдері Сақтандыру шартына қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір реттік төлеммен Сақтандырушының банктік шотына немесе қолма-қол ақшамен Сақтандырушының кассасына төленеді.
- 6.7. Егер сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарнасы мерзімінде төленбесе, онда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарнасы төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша хабарлауы талап етілмейді.
- 6.8. Егер сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) әлі де төленбесе немесе толық көлемде төленбесе, Сақтандырушы төменде көрсетілгендердің бірі бойынша әрекет етуге құқылы:
- Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды;
 - не болмаса сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаған кезде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке алуға құқылы.

7. Шарт жасасу тәртібі

- 7.1. Су көлігін сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша / электрондық өтініші негізінде жасалады.
- 7.2. Су көлігін Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Сақтанушы өтініште жалған мәліметтерді көрсеткен кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы. Аталған өтінішті толтырған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.
- 7.3. Сақтанушы өтінішке Сақтандырушының талабы бойынша уәкілетті мемлекеттік орган берген сақтандыруға қабылданатын су көлігінің барлық немесе іріктемелі кеме құжаттарының көшірмелерін қоса беруі тиіс.
- 7.4. Су көлігін сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар және Сақтанушыға белгілі немесе белгілі болуы тиіс мән-жайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Сақтандырушы сұратқан мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 7.5. Сақтанушы тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді хабарламаған кезде немесе оларға дұрыс емес мәліметтер хабарлаған кезде

- Сақтандырушы Сақтандыру шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Сақтанушы оларға мәліметтерді хабарламауда немесе дұрыс емес мәліметтерді хабарлауда өзінің кінәсінің жоқтығын дәлелдемесе, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының меншігі болып қалады.
- 7.6. Егер тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар және Сақтанушы хабарламаған мән-жайлардың күші жойылса, Сақтандырушының сақтандыру шартын орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.
- 7.7. Су көлігін сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы су көлігін қарап тексеруге, оны ұстау және пайдалану талаптарымен, пайдалану және кеме құжаттамасымен танысуға, ал қажет болған жағдайда, оның техникалық жай-күйі мен нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы өзгесін дәлелдеуге құқылы Сақтанушы үшін міндетті емес.
- 7.8. Су көлігі иеліктен шығарылған немесе жалға алушыға пайдалануға және иеленуге берілген жағдайда, Сақтандыру шартының қолданылуы су көлігі иеліктен шығарылған немесе жалға алушыға берілген сәттен бастап тоқтатылады.
- 7.9. Сақтанушы сақтандыру жөніндегі өтініште/Сақтандыру шартында өзінің қолымен және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын төлеуі арқылы өзінің келісімін растайды және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының №94-V Заңына сай өзінің дербес деректерін жинауды, өңдеуді, жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды (оның ішінде жалпыға қолжетімді көздерде таратуды қоспағанда, трансшекаралық беруді, ҚР заңнамасына сәйкес компанияның қызметіне қатысы бар және (немесе) болуы мүмкін үшінші тұлғаларға беруді), иесіздендіруді, блоктауды, жоюды жүзеге асыруға рұқсат береді, сондай-ақ өзінің дербес деректерін, Сақтандырылған тұлғалардың дербес деректерін қорғау әрекеттерінің элементтерін қолдана отырып, өзге де әрекеттерді (операцияларды) жүргізуге рұқсат береді (Сақтанушы сақтандырылған тұлғалардың атынан жазбаша келісім беруге өкілеттіктің бар екенін растайды), сондай-ақ ол жүргізетін операция Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен байланысты емес екенін растайды.
- 7.10. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы.
- 7.11. Сақтанушы немесе Пайда алушы өзіне белгілі болған бойда, Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде, тіпті сақтандыру тәуекелінің мұндай өзгеруі Сақтанушының қалауы бойынша болмаса да, Сақтандырушыға сақтандыру нысанымен немесе сақтандыру нысанына қатысты болған шартты жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған кез келген елеулі өзгеріс туралы (мәлімделген жүзу ауданын өзгерту, су көлігін қыстауға қалдыру, су көлігін жалға беру (тайм-чартер, бербоут-чартер туралы) дереу хабарлауға міндетті.

8. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны

- 8.1. Егер Сақтандыру шартында / осы Қағидалардың Қосымшасында өзгесі ескертілмесе, Сақтандыру шарты 1 айдан 12 айға дейінгі мерзімге жасалады. Жүзудің анағұрлым қысқа мерзімдері кезінде Сақтандыру шарты бір рейске, су көлігін бір рет жүргізуге және т.б. жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен айқындалады.
- 8.2. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көрсетілмесе, Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысы төленген күн болып саналады.
- 8.3. Егер Сақтандыру шартында / осы Қағидалардың Қосымшасында өзгесі ескертілмесе, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 8.4. Егер Сақтандыру шартында / осы Қағидалардың Қосымшасында өзгесі ескертілмесе, ол өзінің қолданысын Сақтандыру шартында көрсетілген күннің 24 сағат 00 минутында, Сақтандыру шартының аяқталған күні ретінде не Сақтандырушы бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде тоқтатады. Егер бұл Сақтандыру шартында/осы Қағидалардың Қосымшасында тікелей ескертілсе, ол Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) төлеген кезде не су көлігі толық опат болған кезде немесе су көлігін ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде өзінің қолданысын тоқтатады.

- 8.5. Егер Сақтандыру шартында / осы Қағидалардың Қосымшасында өзгесі ескертілмесе, сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасы болып табылады.

9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушы ұсынған су көлігі, теңіз тасымалы туралы ақпаратты және оның дұрыстығын тексеру.
- 2) Қажет болған жағдайда, болған оқиғадан (сақтандыру жағдайынан) келтірілген залалды азайту жөнінде жазбаша ұсынымдар беру. Алайда Сақтандырушының бұл әрекеттері Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасау міндетін мойындау деп қарастырылмайды.
- 3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайын өз бетімен анықтау.
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған кезде зардап шеккен су көлігін қарап-тексеру. Сақтанушының бұл жағдайда Сақтандырушыға кедергі жасауға құқығы жоқ.
- 5) Сақтанушыдан оқиғаның басталу фактісін немесе болжамды сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты алу.
- 6) Қажет болған жағдайда, тиісті құзыретті органдарға оқиғаның басталу фактісі мен себебін растайтын құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы сұраулар жіберу.
- 7) Осы Қағидалардың/ осы Қағидалардың Қосымшаларының және Сақтандыру шартының негіздері бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тарту;
- 8) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы сақтау мақсатында Шарттың аясында ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жүргізуді тоқтата тұру/жүргізуден бас тарту;
- 9) Сақтандыру шартына, осы Қағидалардың Қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасау.

9.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны осы Сақтандыру қағидаларымен және осы Сақтандыру қағидаларының Қосымшаларымен таныстыру және оның талабы бойынша Қағидалардың және (немесе) Сақтандыру қағидаларының Қосымшаларының көшірмесін ұсыну (жолдау).
- 2) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.
- 3) Сақтанушыға Сақтандыру шартының данасын беру.
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүлдіктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеу.
- 5) Осы Қағидалардың, осы Сақтандыру қағидаларының Қосымшаларының және Сақтандыру шартының талаптарын сақтау.
- 6) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарлама алғаннан кейінгі Сақтандырушының міндеттері:
 - 6.1. Осы Қағидаларда белгіленген мерзімде зақымданған су көлігін, сондай-ақ нәтижесінде су көлігіне залал келтірілген апат (теңіз апаты) орнын қарап-тексеру (немесе оқиға болған жерде немесе Сақтандырушының сұрауы бойынша оқиға болған жерге келген өз өкілдерін тарта отырып, қарап-тексеруді қамтамасыз ету), 5 (бес) жұмыс күні ішінде тексеру актісін жасау. Бұл жағдайда оқиғаның басталу орны деп оқиғаның орын алған географиялық орны – ел, қала, порт, акватория, координаттары көрсетілген акватория немесе су кеңістігі учаскесі және т.б. түсініледі.
 - 6.2. Осы Қағидаларда және/немесе Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде негіздер болған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.
 - 6.3. Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезіндегі залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеу.
 - 6.4. Сақтандыру шартында/ осы Қағидалардың Қосымшаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

9.3. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан су көлігін сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты/ осы Қағидалардың Қосымшалары бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп беруді талап ету.

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуын немесе оның мөлшерін азайтуын даулау;
- 3) ҚР азаматтық заңнамасында және Сақтандыру қағидаларында көзделген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу.
- 4) Үшінші тұлғалардың (Пайда алушылардың) пайдасына Сақтандыру шартын жасасу.
- 5) Сақтандырушыға сақтандырылған су көлігіне (абандонға) өз құқықтарынан бас тарту туралы мәлімдеу және келесі жағдайларда толық сақтандыру сомасын алу:
 - 5.1. Су көлігінің із-түзсіз жоғалуы;
 - 5.2. Су көлігінің жойылуы (толық нақты опат болуы);
 - 5.3. Су көлігін қалпына келтірудің немесе жөндеудің экономикалық тиімсіздігі (толық конструктивтік опат болуы);
 - 5.4. Су көлігінің зақымдануын жоюдың экономикалық тиімсіздігі;
 - 5.5. Егер басып алу алты айдан астам уақытқа созылса, мұндай қауіптен сақтандырылған су көлігін басып алу.
 Аталған жағдайларда төмендегілер Сақтандырушыға ауысады:
 - сақтандырылған су көлігінің толық құнымен сақтандыру кезіндегі барлық құқықтары;
 - су көлігін толық емес құнында сақтандыру кезінде сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына барабар сақтандырылған су көлігінің үлесіне құқықтар. Осы тармақта белгіленген Қағидаларға қайшы келетін Тараптардың келісімі маңызсыз.

9.4. Сақтанушының міндеттері:

- 1) Сақтандыру сыйлықақысын осы Қағидалар мен Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде және тәртіппен төлеу.
- 2) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде тәуекел дәрежесіндегі елеулі өзгерістер туралы, сондай-ақ сақтандырылған су көлігіне қатысты жасалған немесе жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлау.
- 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кездегі міндеттері:
 - 3.1. Орын алған жағдай туралы құзыретті органдарға дереу хабарлау, сондай-ақ оқиға басталғаны туралы оған белгілі болған бойда Сақтандырушыға немесе оның өкіліне хабарлау. Егер Сақтандыру шартында хабарлау мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, хабарлау Шартта көрсетілген тәсілмен келісілген мерзімде жасалуы тиіс. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы уақтылы хабарламау, егер Сақтандырушының оқиғаның басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбесе немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін төлеу міндетіне әсер ете алмаса, оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын береді.
 - 3.2. Залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін орын алған жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолдану. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы дереу хабарлауы керек және егер мұндай нұсқаулар оларға берілсе, Сақтандырушының нұсқауларын орындауы керек.
 - 3.3. Сақтандырушы өкілдерінің қарауына дейін және тексеру актісін жасағанға дейін зақымданған су көлігінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қолдану.
 - 3.4. Сақтандырушыға орын алған оқиға келтірген залалдың фактісін, себептерін және мөлшерін айқындау үшін қажетті құжаттарды, осы Қағидаларда айқындалған өзге де құжаттарды ұсыну.
 - 3.5. Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелетін жалпы апат бойынша диспашаны жасау кезінде Сақтандырушының мүдделерін қорғау.
 - 3.6. Сақтандырушының келтірілген залалдар үшін кінәлі тарапқа талап қою құқығын қамтамасыз ету.
 - 3.7. Орын алған оқиғаның салдарын жою үшін жөндеу кәсіпорнын (док немесе кеме жасау зауытын) таңдауды Сақтандырушымен келісу. Егер жөндеу уақыты мен орны Сақтандырушымен келісілмесе, Сақтандырушы (не тартылған сарапшылар) сақтандыру төлемінің сомасын әрбір нақты жағдайда тартылған сарапшылардың зақымдану сипаты мен жұмыс құны туралы қорытындыларының, Сақтанушы орындаған жұмыстар құнының есебі, жөндеу кәсіпорны дайындаған жұмыстар құнының есебі негізінде Сақтандырушының айқындайтын жөндеуге арналған ақылға қонымды және орынды шығындарына сүйене отырып айқындайды.

9.5. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

10. Шарт қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің арту салдары

- 10.1. Тәуекелді арттыратын кез келген елеулі өзгеріс, егер ол адамдарды, су көліктерін немесе жүктерді құтқарудан не рейсті қауіпсіз жалғастыру қажеттілігінен туындамаса, Сақтандырушыға Сақтандыру шартының талаптарын қайта қарау немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету құқығын береді. Егер Сақтанушы мұнымен келіспесе, Сақтандыру шарты осындай өзгеріс басталған сәттен бастап тоқтатылады.
- 10.2. 7.4-тармақта көзделген мәліметтердің өзгеруі, сондай-ақ мына мән-жайлар елеулі өзгерістер деп танылады:
 - 1) су көлігін өзгерту (жөндеу, қайта жаңғырту);
 - 2) Сақтанушының қызмет түрін өзгерту;
 - 3) су көлігінің техникалық жай-күйінің нашарлауы;
 - 4) су көлігінің жүру бағытын өзгерту;
 - 5) су көлігі иесінің (меншік иесінің) өзгеруі;
 - 6) және су көлігін ерікті сақтандыру туралы өтініште көрсетілген мәліметтердегі басқа да өзгерістер.
- 10.3. Сақтанушының немесе Пайда алушының осы Қағидалардың 10.1-тармағында белгіленген міндетті орындамауы Сақтандырушыны сақтандыру нысанында немесе сақтандыру нысанына қатысты болған елеулі өзгеріс басталған сәттен бастап Сақтандыру шартын орындаудан босатады. Бұл ретте Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы аталған міндетті орындамау олардың кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, сақтандыру сыйлықақысы толығымен Сақтандырушыда қалады.
- 10.4. Егер Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы сақтандыру тәуекелінде орын алған өзгерістердің елеулі болып саналатынына күмәнданса, ол бұл өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 10.5. Барлық жағдайда Сақтанушының Сақтандыру шартын жасасқан кезде **Су көлігін ерікті сақтандыру туралы өтініште** және Сақтандыру шартында көрсеткен мәліметтеріндегі өзгерістер елеулі болып саналады.
- 10.6. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін мән-жайлар жойылса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар

- 11.1. Болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру шартына сәйкес мынадай құжаттардың негізінде төлейді:
 - 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
 - 2) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 3) Сақтанушы ұсынған оқиғаның басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын;
 - 4) тиісті ұйым берген су көлігіне жөндеу жүргізуді және оған ақы төлеуді растайтын;
 - 5) Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған су көлігін иелену, пайдалану, оған билік ету құқығын растайтын құжаттар;
 - 6) сәйкестендіру нөмірі және орналасқан жерінің мекенжайы бар заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі, бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрықтың / шешімнің көшірмесі (заңды тұлғаның Пайда алушысы үшін);
 - 7) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасына сәйкес Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға және Пайда алушыға (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне тиісті тексеру жүргізуге арналған құжаттар;
 - 8) төлеуге қажетті мәліметтер көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы Пайда алушының өтініші;
 - 9) Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар, соның ішінде тиісті рұқсаты бар диспашер жасаған диспаша;

10) дауды сот тәртібімен шешкен кезде заңды күшіне енген сот шешімі.

- 11.2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен мән-жайларын, сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде келтірілген залалдың салдары мен мөлшерін құжатпен дәлелдеуге, сондай-ақ Сақтандырушыға өтінішті қарау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 11.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтанушы ол басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Сақтандырушыға оқиғаның басталу себептері мен мән-жайларын, келтірілген залалдың болжамды мөлшерін сипаттай отырып, өтініш береді.
- 11.4. Өтінішке Сақтандыру шарты (көшірмесі) және сақтандыру оқиғасына қатысты төмендегі құжаттардың бастапқы тізімі қоса беріледі:
 - 1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның бар екенін дәлелдеу үшін – оқиғаның басталу фактісі туралы кеме актісі, теңіздегі наразылық, құзыретті және мамандандырылған органдардың, мемлекеттік теңіз апаттық-құтқару қызметінің, порт қызметтерінің құжаттары, үшінші тараптардың шағымдары, оқиғаның басталу фактісін растайтын басқа да ресми құжаттар (актілер, қорытындылар, анықтамалар). Құжаттар тізімі Сақтандыру шартында Сақтанушымен келісіледі.
 - 2) Су көлігі із-түзсіз жоғалған немесе межелі пунктке мерзімінде келмеген жағдайда – су көлігінің жөнелту портынан кетуі және межелі портқа келмеуі туралы анық мәліметтер (порт қызметтерінің анықтамалары, су көлігі капитанымен сөйлескен сөздің басып шығарылған нұсқасы, құқық қорғау органдары мен іздестіру-құтқару қызметтерінің материалдары).
 - 3) Залал бойынша шағымның мөлшерін дәлелдеу үшін – залал фактісі туралы кеме актісі, кеме журналынан үзінді көшірмелер, сараптама актілері, залалға қатысты өзге де құжаттар. Жүргізілген шығындарға ақтау құжаттары, залал бойынша шоттар, сондай-ақ Сақтандырушыға шағымды қарау үшін қажетті өзге де құжаттар.
- 11.5. Қажет болған жағдайда, оқиғаның басталу себептерін және залалдардың мөлшерін айқындау жұмысына тәуелсіз сарапшылар (апаттық комиссарлар) тартылуы мүмкін, олардың қызмет ақысын талап етуші тарап төлейді.

12. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы

- 12.1. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады;
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 12.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Қағидаларда көрсетілген талаптармен және тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 12.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 12.4. Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтаудың мүмкін болмауы Сақтандырушыға Сақтандыру қағидаларының нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Қағидалардың Қосымшаларын ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 12.5. Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін анықтауға болмайтынын және Сақтандырушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) қандай әрекеттерді жасауы керек екенін көрсетуі тиіс.
- 12.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжаттар пакетін ұсынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде рәсімделеді.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

- 13.1. Осы Сақтандыру қағидаларына сай залалдар деп бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін құқығы бұзылған, өзі жүргізген немесе жүргізуі тиіс тұлғаның шығындары, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал) түсініледі.
- 13.2. Сақтанушыдан болған оқиға туралы хабарлама мен өтінішті, құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жасайды:
 - 13.2.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін (сақтандыру актісін жасау үшін осы Қағидаларда көзделген мерзімнің шегінде) белгілейді; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің (оқиғаның уақыты, орны, мән-жайлары және т. б.) Сақтандыру шартының талаптарына және осы Қағидаларға сәйкестігін тексереді; салдарынан залал келтірілген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін (тиісті ұйымдардың құжаттарының негізінде) айқындайды; болған оқиғаның және орын алған залалдардың Сақтандыру шартында көзделгенін тексереді; сарапшыларды, апаттық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, оқиғаның басталу фактісін анықтауға бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.
 - 13.2.2. Орын алған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, залалдардың, сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілейді.
- 13.3. Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарламасын алғаннан кейін бүлінген су көлігін қарап-тексеруді жүргізуге құқылы, оның нәтижесі бойынша қарап-тексеру актісі жасалады.
- 13.4. Жалпы апаттың болуы белгіленеді және оны бөлу (диспаша) бойынша есепті мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша диспашерлер жасайды. Бұл ретте жалпы апатты бөлуді талап ететін тарапта мәлімделген залалдар немесе шығындар шын мәнінде жалпы апат деп танылуы тиіс екенін дәлелдеу міндеті тұр.
- 13.5. Егер осы оқиғаның фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалмаса және көрсетілген мерзім шегінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы фактісін растау үшін барлық қажетті құжаттарды алса және залалдардың мөлшері айқындалса немесе (зиян келтіру фактісі бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы дауды сот тәртібімен қарау кезінде) заңды күшіне енген сот шешімі бар болса, Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы бойынша құжаттардың толық пакетін алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде орын алған жағдай сақтандыру жағдайы деп танылуы (немесе оны сақтандыру жағдайы деп танымау туралы шешім қабылдануы) тиіс.
- 13.6. Егер орын алған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылса және тараптардың арасында сот дауы болмаған кезде, Сақтандырушы өтініштің, Сақтанушы ұсынған құжаттардың (осы Қағидалардың 11-бөлімінде көрсетілген), су көлігін тексеру актісінің және оқиға басталған жерді (бар болса), сондай-ақ ол қосымша алған материалдардың негізінде барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру актісін жасайды, онда сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залалдар мөлшерінің жүргізілген есебінің негіздемесі, Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемі сомасының мөлшері көрсетіледі. Сақтандыру актісін жасау мерзімі сақтандыру жағдайының аса күрделі жағдайларында (теңіз апаты, Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған оқиға, су көлігінің із-түзсіз жоғалып кетуі және т.б.) 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұлғайтылуы мүмкін. Егер Сақтанушының өтінішін тексеру кезінде мәлімделген залал сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса, сақтандыру актісі жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандырушы мен Сақтанушы осындай шешім қабылданған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру актісінің жасалмау себептері көрсетілген еркін нысандағы құжат жасайды немесе Сақтандырушы болған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымау себептерін және сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы қабылданған шешімді көрсете отырып, Сақтанушыға дәл сол мерзімде жазбаша хабарлама жібереді.
- 13.7. Сақтандыру жағдайы деп танылған оқиға нәтижесінде су көлігіне келтірілген залал іс жүзіндегі залал негізге алына отырып айқындалады және мына жағдайларда сақтандыру сомасы мөлшерінде өтеледі:
 - 13.7.1. Су көлігінің толық нақты опат болуы (су көлігі Сақтанушы үшін біржола жоғалды).

13.7.2. Су көлігінің із-түзсіз жоғалуы (су көлігі туралы 3 (үш) айдың ішінде ешқандай мәлімет түскен жоқ, бұл ретте су көлігі туралы соңғы хабар Сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанға дейін алынған).

13.7.3. Су көлігінің толық конструктивтік опат болуы (су көлігін қалпына келтіру немесе жөндеу экономикалық тұрғыдан тиімсіз). Егер сақтандыру жағдайының салдарын жою бойынша жөндеудің жалпы сомасы су көлігінің сақтандыру құнының 70 %-ынан асса, су көлігі толық конструктивтік опат болды деп танылады.

- 13.8. Сақтандыру жағдайының салдарын жою шығындары сомасына су көлігін Сақтандыру шартын жасасқан сәттегі жай-күйіне дейін қалпына келтіру құны, сондай-ақ құтқару және жөндеу орнына сүйреу шығындары кіреді.
- 13.9. Құтқару шығындары – Сақтанушы төнген теңіз қаупінен су көлігін құтқару қызметтері үшін үшінші тарапқа төлейтін сыйақы. Құтқару үшін сыйақы құтқарылған су көлігінің құнына, төнген қауіптің дәрежесіне, салынған күш-жігердің деңгейіне және бұл ретте жүргізілген шығындарға сүйене отырып айқындалады.
- 13.10. Сақтандыру төлемі Сақтанушының су көлігін жөндеуге (қалпына келтіруге) кеткен нақты шығындарына сүйене отырып төленеді. Сақтандыру төлемін төлеген кезде су көлігі толық опат болған немесе із-түзсіз жоғалған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандырылған су көлігіне меншік құқығы абандонға байланысты немесе Сақтанушымен немесе Пайда алушымен жасалған тиісті шарттың негізінде төленген сома шегінде ауысады. Абандон және сақтандырылған су көлігіне меншік құқығын Сақтандырушыға беру туралы келісім болмаған кезде су көлігінің толық конструктивтік опат болуына байланысты сақтандыру өтемақысы сатуға жарамды сақтандырылған мүлік қалдықтарының құнын шегермей төленеді.
- 13.11. Су көлігі зақымданған жағдайда, залалдар су көлігін сақтандыру жағдайы басталған сәтте болған жай-күйіне қайтару үшін қажетті шығындар сомасы ретінде қарастырылады.
- 13.12. Көлік құралын докқа енгізу және одан шығару немесе эллингтің көмегімен көтеру және түсіру шығындары, сондай-ақ құрғақ докты немесе эллингті пайдалану уақытындағы шығындар жөндеу құнына толық қосылады және жөндеу барысында тек қана сақтандыру жағдайының зардаптарын жоюға бағытталған жұмыстар орындалған жағдайда, Сақтандырушы (сақтандыру сомасы шегінде) шығындарды өтеуі тиіс.
- 13.13. Егер Сақтандыру шартымен өтелетін зақымдарды жөндеу сақтандыру жағдайының салдарын жоюға жатпайтын жұмыстармен бір мезгілде жүзеге асырылса, Сақтандырушы өтейтін жөндеу құнына су көлігін құрғақ докқа кіргізу және одан шығару немесе оны эллингтің көмегімен көтеру және түсіру шығындарының 50 % кіреді. Бұл ретте докты немесе эллингті пайдаланғаны үшін өтелетін шығындар, егер мұндай жөндеу бөлек жүргізілсе, сақтандыру жағдайының салдарын жою бойынша жөндеуге кететін уақыт негізге алына отырып есептеледі.
- 13.14. Зақымданған су көлігін сатқан кезде, егер су көлігінің зақымдануын жою бойынша жөндеу жүргізілмесе, Сақтанушының сақтандыру жағдайының нәтижесінде болған және Сақтанушының зақымданудың болуына байланысты су көлігін сату бағасының төмендеуі мөлшерінде шеккен залалдарын өтетуге құқығы бар. Бұл жағдайда Сақтанушының залалдарының мөлшері тәуелсіз сараптамалық бағалау негізінде анықталады. Дәл осындай тәсіл су көлігін сынық ретінде сату кезінде де қолданылады.
- 13.15. Осы Қағидаларға сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға (Пайда алушыға) төмендегілер үшін жұмсаған қажетті шығындарын өтейді:
- Сақтанушы (Пайда алушы) залалдардың алдын алу немесе оларды азайту бойынша қолданған шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушы жауапкершілік атқаратын залалдардың алдын алу немесе оларды азайту;
- жалпы апат бойынша диспаша жасау.
Көрсетілген шығындарды Сақтандырушы сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына барабар мөлшерде өтейді. Мұндай шығындарды Сақтандырушы өтелуі тиіс залалдармен бірге сақтандыру сомасынан асып кетуі мүмкін екеніне қарамастан өтейді.
- 13.16. Егер Сақтандыру шартында өзгесі ескертілмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Қағидаларда, Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен мән-жайларын, оның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың зардаптары мен мөлшерін растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде төлейді.
- 13.17. Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

- 13.18. Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

14. Қосарлы сақтандыру

- 14.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын нысандарға қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 14.2. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапкершілік көтереді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.
- 14.3. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.4. Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы жұмсалған шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

15. Суброгация

- 15.1. Сақтанушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы осы соманың шегінде Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдерді тапсыру және Сақтандырушыға өткен талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.2. Сақтанушы көрсетілген тұлғаға қойылатын шағымдардан немесе оған қойылатын талаптардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығы үшін қажетті құжаттарды тапсырудан бас тартқанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар

- 16.1. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тараптардың екіжақты келісімі бойынша, бір Тараптың жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 16.2. Сақтандыру шартының талаптарына өзгертулер енгізілетін жағдайлар:
- Сақтандыру шартын жасасқан кезде берілген Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мәліметтерін өзгерту;
 - сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге жағдайлар.
- 16.3. Тараптардың бірінің өтінішін алған сәттен бастап Тараптар өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы келісім жасасқан сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптармен қолданылады.
- 16.4. Осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының өзгертулері мен толықтырулары Сақтандыру шартының қосымша келісімін жасау және оған қол қою арқылы рәсімделеді.
- 16.5. Сақтандыру шартының барлық өзгертулері мен толықтырулары жазбаша рәсімделген және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күшінде болады.

17. Шартты тоқтату талаптары

- 17.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтандырушының бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруы. Егер бұл Сақтандыру шартында/осы Қағидалардың Қосымшаларында тікелей ескертілсе, ол сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған кезде не су көлігі толық опат болған кезде немесе су көлігін ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өзінің қолданысын тоқтатады;
 - 2) сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі;
 - 3) Сақтанушының өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған, сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі ықпал ететін мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамауы не Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру тәуекелі дәрежесінің артуына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдіруі;
 - 4) Сақтанушының бастамасымен Шартты бұзу;
 - 5) Сақтандырушының бастамасымен Шартты бұзу;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Сақтандыру шартында белгіленген өзге жағдайларда.
- 17.2. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 17.1-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.
- 17.3. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 17.1-тармағының 5) - 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш Сақтандырушыға 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей берілген күннен бастап сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 %-ын құрайтын істі жүргізуге жұмсалған шығындар шегеріле отырып, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі қайтарылуы тиіс.
- 17.4. Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).
- 17.5. Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 17.6. Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.
- 17.7. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға/тиісінше орындамауға байланысты туындаса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.
- 17.8. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану мүдделі тараптың талап-арызы бойынша заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Егер заңда Сақтандыру шарты жарамсыздығының өзге салдары көзделмесе, Сақтандыру шартын жасасуға және орындауға байланысты шығындарды қоспағанда, Сақтандыру шарты жарамсыз болған кезде әр тарап екіншісіне ол бойынша алынғанның барлығын қайтаруға міндетті. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Тараптардың жауапкершілігі

- 18.1. Сақтандыру төлемін уақытылы төлемеген кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайларда төтеп беруге болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік атқармайды.
- 18.3. Форс-мажор жағдайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Форс-мажор жағдайларының нақты тізімі Шартта көзделуі мүмкін.
- 18.4. Егер Сақтандыру шартында/осы Қағидалардың Қосымшаларында өзгесі көзделмесе, форс-мажор жағдайларының әсерін бастан кешіретін Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы екінші тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

19. Дауларды шешу тәртібі

- 19.1. Сақтандыру шартынан туындайтын және тараптар реттемеген дауларды шешкен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.
- 19.2. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар не болмаса сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларына қатысты күмәндар келіссөздер арқылы шешіледі, ал қажет болған жағдайда, арнайы құрылған сараптама комиссиясы тартылады.
- 19.3. Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
 - 1) Дау туындаған жағдайда, Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және шағымға жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе шағым алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсменіне дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсменінің дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болады.
 - 2) Сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 19.4. Келісімге қол жеткізілмегенде және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде Тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.5. Осы Сақтандыру қағидалары мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 2 (екі) данада жасалды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Қағидалар мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Қағидалар мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған осы Қағидалар мәтініне сүйенеді.

20. Қосымша талаптар

- 20.1. Осы Қағидаларда/осы Қағидалардың Қосымшаларында ескертілмеген барлық жайт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Сақтандыру шарты мен Сақтандыру қағидалары арасында қайшылықтар болған жағдайда, Сақтандыру шартының ережелері қолданылады.
- 20.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Тараптардың келісімі бойынша жасалатын Сақтандыру шартына/осы Қағидалардың Қосымшаларына ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ережеден тыс жайттар және т.б.) енгізілуі мүмкін.